

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж ., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат):

1) 41-бапта ескертулер мынадай редакцияда жазылсын:
" Е ск е р т у л е р .

1. Осы Кодекстің 176-бабы үшінші бөлігінің г) тармағында, 193-бабының үшінші бөлігінің а) тармағында, 209-бабының үшінші бөлігінің а) тармағында, 307-бабында , 308-бабының төртінші бөлігінің в) тармағында, 310-315-баптарында, 380-бабында көзделген қылмыстар сыйайлас жемқорлық қылмыстар деп танылады.

2. Осы Кодекстің 164, 168-171, 233-3 , 236-баптарында , 337-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 337-1-бабында көзделген қылмыстар экстремизмің белгілері бар қылмыстар деп танылады.";

2) 233-баптың екінші бөлігінің б) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"б) азаматтардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды, жарылыс заттарын немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып жасалса, -";

3) мынадай мазмұндағы 233-3-баппен толықтырылсын:

"233-3-бап. Экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру

1. Экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған нақ сол әрекет - үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

4) 2 5 0 - б а п т а :
екінші бөлікте :

в) тармағындағы "күш қолдана отырып жасалса -" деген сөздер "күш қолдана отырып;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы г) тармағымен

Т О Л Ы К Т Ы Р Ы Л С Ы Н :

"г) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалса -";
екінші абзацтағы "екі жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздер "жеті жылдан он екі
жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

У ш і н ш і б є л і к т е :

бірінші абзац "ұйымдастың топ" деген сөздерден кейін "немесе қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "жеті" деген сөз "он" деген сөзben ауыстырылсын;

5) 3 2 8 - б а п т а :

бірінші абзац "Жауапты" деген сөздің алдынан "1." деген цифмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Билік өкілеттіктерін алу мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену,

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

6) 3 3 7 - б а п т а :

тақырыбы "қоғамдық" деген сөзден кейін "және басқа да" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөліктегі "шет мемлекет, немесе шетел азаматтары, немесе шетелдік не халықаралық ұйымдар қаржыландыратын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зандарында тыйым салынған көздерден қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 337-1-баппен толықтырылсын:

"337-1-бап. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы сот шешімінен кейін рдың қызметін ұйымдастыру

1. Қоғамдық немесе діни бірлестікке немесе өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы занды қүшіне енген сот шешімі бар болғанда олардың қызметін ұйымдастыру, -

ұш жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сottалған адамның бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаざланады.

2. Қоғамдық немесе діни бірлестікке немесе өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар болғанда олардың қызметіне қатысу, -

екі жүз алтың есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

Ескерту. Қоғамдық немесе діни бірлестікке не өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар болғанда олардың қызметіне қатысады өз еркімен оқытқан адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады".

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж. N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153, 154, 156-құжаттар):

1 9 2 - б а п т а :

бірінші бөлік "233-2," деген цифrlардан кейін "233-3," деген цифrlармен толықтырылсын;

4-1-бөлік "259-бабында (ұшінші және төртінші бөліктегінде)," деген сөздерден кейін "337-1-бабында," деген сөздермен толықтырылсын.

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139, 142-құжаттар; N 24, 154-құжат):

179-бап "аса қауіпті қайталап жасаған қылмысы үшін," деген сөздерден кейін "сондай-ақ экстремизмнің белгілері бар қылмыстары үшін," деген сөздермен толықтырылсын.

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 15-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат):

1) 28-баптың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік ұйым деп тану туралы істерді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік қызметті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы істерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 273-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында:

"кезеңінде" деген сөзден кейін ", сондай-ақ дауыс беру күнінен бастап бір ай ішінде"
" деген сөздермен толықтырылсын;

"және дауыс беру күні" деген сөздер ", дауыс беру күні және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 289-баптың бірінші бөлігінің 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік қызметті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы істер жатады.";

4) 36-2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"36-2-тарау. Қазақстан Республикасының және (немесе)
басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе
террористік қызметті жүзеге асыратын шетелдік
немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе
террористік ұйым деп тану туралы өтініш бойынша
іс жүргізу";

5) 317-6-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында террористік қызметті жүзеге асыратын халықаралық ұйымды террористік ұйым деп тану туралы өтінішті Бас прокурор Астана қаласының сотына береді.";

6) 317-7-баптағы "экстремизм" деген сөз "экстремистік немесе террористік" деген сөздермен ауыстырылып, "экстремистік" деген сөзден кейін "немесе террористік" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 317-8-бап "экстремизмді", "экстремистік" деген сөздерден кейін тиісінше "немесе террористік қызметті", "немесе террористік" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N

17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19 -құжат; N 9, 26-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 102-2, 102-3-баптармен толықтырылсын:

"102-2-бап. Тең сайлау құқығы туралы талапты бұзу

Тең сайлау құқығы туралы талаптарды екі рет не одан да көп немесе басқа сайлаушы үшін дауыс беру арқылы бұзу -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

102-3-бап. Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыруы

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыруы, -

жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу арқылы немесе онсыз, айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзден бір мынға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 321-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері тәркілене отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 342-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"342-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарын бұзу

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сондай-ақ ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын есепке қоймай не олардың шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы күеліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шыққаннан кейін тарату, -

бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі тәркілене отырып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат

құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік тілдегі хабарларды уақыты жағынан телерадио-хабарлар арналарында басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен аз тарату, -

баспа немесе өзге де өнімі тәркілене отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтатып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, сол сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру себептерін белгіленген м е р з і м д е ж о й м а у , -

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілген лицензиядан айыра отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының атауы ауысқан, басылымның не хабарлардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты өзгерген жағдайларда қайта есепке қоймай бұқаралық ақпарат құралының өнімін, сондай-ақ ақпарат агенттігінің хабарлары мен м а т е р и а л д а р ы н т а р а т у -

бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 343-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бұқаралық ақпарат құралдарының лауазымды адамдарына айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не баспа өнімдері тәркілене отырып, он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.";

5) 344-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"344-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін, сол сияқты өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату

1. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нақілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насиҳаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат қуралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сактау, әкелу тасымалдау -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде немесе он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамауға, заңды тұлғаларға бұқаралық ақпарат қуралдарының өнімдері тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нақілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды насиҳаттауға немесе үгіттеуге, экстремизмді немесе терроризмді насиҳаттауға және ақтауға бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат қуралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында тарату, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетпістен екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бұқаралық ақпарат қуралдарының өнімдері тәркілене отырып және бұқаралық ақпарат қуралдарының шығарылуын (әфирге шығуын) тоқтата отырып, айлық есептік көрсеткіштің жеті жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қатыгездікті, зорлық-зомбылық пен порнографияны насиҳаттау мен үгіттеуге, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ өзге құпияларды жария стуге, терроризмге қарсы операциялар жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, сол сияқты порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы кино- және бейнеөнімдерді көрсетуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат қуралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында тарату, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің сексеннен екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жүз жетпістен төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бұқаралық ақпарат қуралдарының өнімдері тәркілене отырып және бұқаралық ақпарат қуралдарының шығарылуын (әфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, айлық есептік көрсеткіштің сегіз жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты,

әлеуметтік нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдарына жатпайтын өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкеleу, тасымалдау, тарату, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға, заңды тұлғаларға - өнімдері тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жазалар қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге кейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілетін лицензиядан айыра отырып және заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, айлық есептік көрсеткіштің бір мыңдан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 349-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, лауазымды адамдарға жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";
;

7) 373-баптың бірінші бөлігінде:

"кедергі жасау," деген сөздерден кейін "сол сияқты заңсыз жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, демонстрацияларға не өзге де көпшілікке арналған іс-шараларға қатысу," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырмана дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8) 374-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"374-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу

1. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында белгіленген мақсаттары мен міндеттерінің шегінен тыс іс-әрекеттер жасауы,

қоғамдық бірлестіктің басшыларына - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаса дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестікке айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл

салуға

әкеп

соғады.

2. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзатын іс-әрекеттер жасауы, -

қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер,

қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол сияқты осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолдануға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау, -

қоғамдық бірлестіктің қызметіне тыйым сала отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың, шет ел қатысатын заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, діни бірлестіктердің, қайырымдылық ұйымдарының саяси партияларды қаржыландыруы -

заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, лауазымды адамдарға - төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, шетелдік заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың саяси партияларды қаржыландыруы, -

заңсыз қайырымдылықтар тәркілене отырып және Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Саяси партиялардың заңсыз қайырмалдықтарды қабылдауы, -

заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып және он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға ала отырып не онсыз саяси партияның қызметіне тыйым сала

отырып, саяси партияның басшысына төрт жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде
а́йыппул салуға әке́п соғады.

8. Саяси партиялардың қаржылық қызметі туралы жылдық есептікті Қазақстан
Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім мен көлемде жарияламау, -

саяси партияның қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, партияның
басшысына айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жұзеге дейінгі мөлшерінде айыппұл
салуға әке́п соғады.

9. Саяси партияның, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен
екілдіктерінің) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда
қызметті қайта тіркеусіз жұзеге асыруы, -

саяси партияның қызметіне тыйым сала отырып, партияның басшысына айлық
есептік көрсеткіштің жүзден екі жұзеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әке́п соғады.
";

9) мынадай мазмұндағы 374-1-баппен толықтырылсын:

"374-1-бап. Қазақстан Республикасының заңдарында
белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық,
діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау,
қатысу, сондай-ақ олардың қызметін қаржыландыру

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол
сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің
қызметіне басшылық жасау, -

жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әке́п соғады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол
сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің
қызметіне қатысу, -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әке́п соғады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол
сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің
қызметін қаржыландыру, -

екі жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әке́п соғады.";

10) 375-бап мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен
толықтырылсын:

"3. Азаматтардың, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың есептік
тіркеусіз миссионерлік қызметті жұзеге асыруы, -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, шетелдіктер
мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен
шығарып жібере отырып, айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде
а́йыппул салуға әке́п соғады.

4. Діни бірлестіктің өз қызметін жұзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының

діни бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің отызға дейінгі мөлшерінде, занды тұлғаларға қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып не қызметіне тыйым сала отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Діни бірлестіктің өз жарғысына (ережесіне) қайшы келетін қызметті жүйелі түрде жүзеге асыруы, сол сияқты діни бірлестіктің өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймауы,

діни бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі мөлшерінде, занды тұлғаларға діни бірлестіктің қызметіне тыйым сала отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

11) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

екінші абзацтағы "372-374," деген цифrlар "372, 373, 374 (бірінші-төртінші бөліктері), 374-1," деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "342-344 (бірінші бөлігі)" деген сөздер "342, 343, 344 (бірінші-үшінші бөліктері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма алтыншы абзац "355," деген цифrlардан кейін "374 (жетінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма алтыншы абзац "361," деген цифrdан кейін "374 (бесінші, алтыншы, сегізінші, тоғызынышы бөліктері)," деген сөздермен толықтырылсын;

отыз сегізінші абзацтағы "(386 (үшінші бөлігі)-бап" деген сөздер "(344-бап (үшінші бөлігі) (мемлекеттік құпияларға байланысты құқық бұзушылықтар жасағаны үшін), 386 -бап (үшінші бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат):

1) мынадай мазмұндағы кіріспемен толықтырылсын:

"Осы Заң Қазақстан Республикасының әрбір адамның нағым бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын таниды, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нағымдарын құрметтеуді таниды.";

2) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғибадат үйі (ғимараты) - құдайға құлшылық етуге, дұға оқу мен діни

жиналыстарға, тәу етуге (мінәжат етуге) арналған обьект;

2) миссионерлік қызмет - өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын діни бірлестіктердің жарғылық ережелерінде жоқ діни сенімді діни ағартушылық қызмет арқылы уағызыдау және тарату;

3) діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі мемлекеттік орган.;"

3) 4-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен тіркелемеген діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.";

4) мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-баптармен толықтырылсын:

"4-1-бап. Миссионерлік қызмет

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі - миссионер) Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызметті уәкілетті органда есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

Миссионерлік қызметті есептік тіркеусіз жүзеге асыруға тыйым салынады.

4-2-бап. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды есептік тіркеу

Миссионерлік қызметпен айналысатын адамдарды есептік тіркеуді жергілікті атқарушы орнадар жүргізді.

Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер жергілікті атқарушы органдарда жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.

Миссионерлер есептік тіркеу үшін жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттар мен материалдарды ұсынады:

1) ұстанатын діні, миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтініш;

2) миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі;

3) тіркеу туралы куәліктің немесе миссионер оның атынан өкілдік ететін діни бірлестіктің өз елінің зандарына сәйкес ресми тіркелендігін куәланышыратын өзге де құжаттың көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасында тіркеленген діни бірлестіктің жіберген шақыруы;

5) миссионерлік қызметке арналған әдебиет, діни мақсаттағы аудио-, бейне материалдар және (немесе) өзге де заттар. Есептік тіркеленгеннен кейін діни мазмұндағы материалдарды қосымша пайдалану жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.

Өтініш беруші көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде белгіленген тәртіппен тіркеленген төлқұжаттың немесе жеке басын куәланышыратын өзге де құжатты көрсетеді.

Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды есептік тіркеуді құжат берілген күннен бастап жеті күннен аспайтын мерзімде жергілікті атқарушы орган жүргізеді.";

5) 5 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:
"Баланы діни тәрбиелу оның тәндік, психикалық саулығына және имандылық рухында дамуына залал келтірмеуге тиіс.";

ұшінші бөлік алып тасталсын;

6) 6-бап алып тасталсын;

7) 6 - 1 - б а п т а :

тақырыптағы "Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "Уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің және занды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардың қызметіне зерделеу мен талдау жүргізеді;";

8) 6 - 2 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) миссионерлерді және занды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізеді;";

3) тармақшадағы "діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 7-баптың бірінші бөлігіндегі "және олардың құрылымдық бөлімшелері" деген сөздер алып тасталсын;

10) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру

1. Діни бірлестіктің қызметі:

1) Қазақстан Республикасының зандарын бұзған;

2) діни бірлестіктің жарғысына (ережесіне) қайшы келетін іс-әрекеттерді жүзеге асырған жағдайларда соттың шешімімен үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла

тұру

мұмкін.

2. Діни бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрған кезеңде бұқаралық ақпарат қуралдарында оның атынан сөйлеуге, жиналыстар, митингілер және өзге де жария сөз сөйлеуді ұйымдастыруға және өткізуге тыым салынады, сондай-ақ еңбек шарттары, діни бірлестіктің қызметі салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыру және айыппұлдар төлеу жөніндегі есеп айырысуларды қоспағанда, діни бірлестіктің банк шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады.

3. Егер діни бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрудың белгіленген мерзімі ішінде

бұзушылықтар жойылатын болса, діни бірлестік өз қызметін қайта бастайды.

4. Діни бірлестіктің анықталған бұзушылықты жойғаны жөніндегі фактінің діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру туралы шешім шығарған сот белгілейді.";

11) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Діни бірлестікті қайта үйымдастыру және тарату

1. Діни бірлестікті қайта үйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және діни бірлестіктің жарғысында (ережесінде) көзделген тәртіппен оның Қазақстан Республикасының аумағындағы жоғары басқару органының шешімі бойынша не сот шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Қайта үйымдастырылғаннан кейін жаңадан құрылған діни бірлестікті тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3 . Д і н и б і р л е с т і к :

1) о н ы ң ж о ғ а р ы о р г а н ы н ы ң ;

2) с о т т ы ң ш е ш і м і б о й ы н ш а т а р а т ы л а д ы .

4. Діни бірлестікті таратуды діни бірлестіктің жоғары басқару органы тағайындастырын тарату комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен сот жүргізеді.

5. Соттың шешімі бойынша діни бірлестік:

1) о с ы З а ң ы ң т а л а п т а р ы н о р ы н д а м а ғ а н ;

2) діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды сот белгілеген м е р з і м д е ж о й м а ғ а н ;

3) діни бірлестіктің жарғысына (ережесіне) қайшы келетін іс-әрекеттерді үнемі жүзеге а с ы р ғ а н ;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше мәрте (кемінде екі рет) немесе ө р е с к е л б ұ з ғ а н ;

5) діни бірлестікті құру кезінде жол берілген, тұзетуге келмейтін сипаттағы заңнаманы бұзушылықтарға байланысты оны мемлекеттік тіркеуді, жарамсыз деп таныған не діни бірлестікті мемлекеттік тіркеудің күші, жойылған жағдайларда;

6) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда таратылуы мүмкін.";

12) 13-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Діни бірлестіктер шығарған діни әдебиетте және діни мазмұндағы басқа да баспа материалдарында оның толық ресми атауы болуға тиіс.".

7. "Жедел-іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; N

15, 147-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат);

- 1) 11-баптың 3-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"- байланыс желілеріндегі жедел іздеу;"

2) 1 2 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігінің б) тармақшасындағы "байланыстың пошта-телеграф арналарында сыртқы белгілері бойынша" деген сөздер "байланыс желілеріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "жедел-іздестіру шаралары" деген сөздер "арнайы жедел-іздестіру шаралары" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 6-баптың тоғызыншы бөлігі ""Қоғамдық бірлестіктер туралы,"" деген сөздерден кейін ""Саяси партиялар туралы,"" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттар қоса беріле отырып, өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс."

9. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат):

18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Қоғамдық бірлестіктің рәмізі

Қоғамдық бірлестіктердің Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өз рәмізі (жалауы, гимні, эмблемасы, вымпелдері, омырау белгілері) болуы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктердің толық және қысқартылған атауы мен оның рәмізі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің, мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылыққа байланысты таратылған қоғамдық ұйымдардың атауы мен рәмізін толық немесе олардың елеулі бөлігін қайталамауға тиіс.

Қоғамдық бірлестік рәмізінің сипаттамасы мен эскиздері жарғыда бекітіледі".

10. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 13, 272-құжат; 2002 ж., N 18, 158-құжат):

2-баптың а) тармақшасы "қылмыстар үшін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ экстремизмнің белгілері бар қылмыстар үшін" деген сөздермен толықтырылсын.

11. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 771-құжат; 2001 ж., N 10, 122-құжат; 2003 ж., N 24; 175-құжат):

1) 2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді насиҳаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ порнографияны насиҳаттауға жол берілмейді.";

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі

1. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде таратылады .

2. Мемлекет Қазақстан Республикасының тілдер туралы зандарына сәйкес бұқаралық ақпаратты алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді .

3. Мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдарының телевизиялық және радио бағдарламаларының апталық көлемі уақыты бойынша басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік тілдегі хабарларды хабар таратудың тәуліктік кестесіне орналастыру хабарлар эфирге шығатын бүкіл кезең ішінде біркелкі жүзеге асырылуға тиіс.

Бұл талап кабельдік, эфирлі-кабельдік телевизия желілеріне қолданылмайды.";

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

" 2 - 1 . М ы н а л а р :

1) сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар;

2) тағайындау кезінде занда белгіленген тәртіппен сottылығы алынбаған немесе өтөлмеген азаматтар ;

3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар бас редактор (редактор) бола алмайды.";

4) 13-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насиҳаттау, қатыгездік пен

зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты үгіттеу немесе насихаттау, порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы радио-, телебағдарламаларды тарату, сондай-ақ кино - және бейнеөнімдерді көрсету, осы Заңың 3-бабында , 10-бабының 3-2-тармағында көзделген талаптарды бұзу, сондай-ақ 14-бабының 3-1-тармағының, 15 және 16-баптарының талаптарын бір жыл ішінде қайталап бұзу белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (әфирге шығуын) тоқтата тұруға негіз болып табылады .

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп өзгертуді, оның тұастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, сондай-ақ белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (әфирге шығуын) тоқтата тұру себептерін жоймау бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (әфирге шығуын) тоқтатуға негіз болып табылады.".

12. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 5, 30 құжат; N 10, 56-құжат):

41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызметін бақылау

1. Коммерциялық емес ұйым бухгалтерлік есеппен статистикалық есептілікті Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүргізеді.

2. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекеттік статистика және салық органдарына, құрылтайшыларға және өзге де тұлғаларға өз қызметі туралы ақпарат береаді .

Шет мемлекеттер, халықаралық және шетелдік ұйымдар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өтеусіз негізде беретін қаражат есебінен қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық органдарына осы қаражатты пайдалану туралы есепті ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (окшауланған бөлімшелері) баспасөз басылымдарында жыл сайын өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары, мүліктің құрамы туралы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы ақпарат жариялайды.

4. Коммерциялық емес ұйым кірістердің мөлшері мен құрылымы, сондай-ақ коммерциялық емес ұйым мүлкінің мөлшері мен құрамы туралы, оның шығыстары,

қызметкерлерінің саны мен құрамы туралы, олардың еңбегіне ақы төлеу, коммерциялық емес ұйымның қызметінде азаматтардың өтеусіз еңбегін пайдалану туралы мәліметтер коммерциялық қупияның нысаны бола алмайды.".

13. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 153-күжат; 2005 ж., N 5, 5-күжат):

1) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Саяси партия саны бір мың адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке өзі қатысады. Азаматтардың сенімхат бойынша саяси партияның құрылтай съезінде (конференциясында) өкілдік етуіне жол берілмейді. Саяси партияның құрылуын, соның ішінде құрылтай съезінің (конференциясының) өткізілуін ұйымдастыруды қаржыландыру осы Заңның 18-бабының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.";

2-тармақ "тізімдері" деген сөздің алдынан "электрондық және қағаз жеткізгіштегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-баптың 1-тармағының, екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Саяси партияның толық және қысқартылған атауы мен оның рәмізі мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген саяси партиялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылыққа байланысты таратылған саяси партиялардың атауы мен рәмізін толық немесе олардың елеулі бөлігін қайталамауға туіс.";

3) 10-баптың 7-тармағының 4) тармақшасы "тізімдері" деген сөздің алдынан "электрондық және қағаз жеткізгіштегі" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тарту

1. Тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негізdemeler бойынша, сондай-ақ партия құрудың занда белгіленген тәртібін бұзған, берілген құжаттар, соның ішінде оның құрылтай құжаттары мен партия мүшелерінің, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеген жағдайда саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заң актілеріне көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ құрылымдық бөлімшени (филиалы мен өкілдігін) құрудың заңдарда белгіленген тәртібін бұзған, есептік тіркеуге берілген құжаттар, соның ішінде партия мүшелерінің тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес

келмеген жағдайда саяси партияның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) есептік тіркеуден бас тартады.

2. Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда саяси партия тіркеуші органға үш ай өткен соң оны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды қайтадан бере алады.

3. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) есептік тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.";

5) 12-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашылық тобының, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығын, осы Заңның 6-бабы 1-тармағының, 8-бабының, 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келуін тексеруді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар жузеге асырады.";

6) 13-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "орын алған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін." деген сөздер "орын алған;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай редакциядағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) саяси партия мүшелерінің саны осы Заңның 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.";

7) 14 - б а п т ы н 5 - т а р м ағ ы н д а :

7) тармақша ", саяси партия осы Занда тыйым салынған қайырмалдықтарды қабылдаған" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) саяси партия, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қайта тіркеусіз жузеге асырған";

8) 18 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта көрсетілген адамдардан келіп түскен қайырмалдықтар сottың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне аударылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Саяси партияның жылдық қаржылық есебі жыл сайын респубикалық баспасөз басылымдарында жарияланады".

14. "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж. N 5, 5-құжат):

6-баптың 1) тармақшасындағы "қандай да бір дін ілімін уағыздаумен және (немесе) таратумен шұғылданатын діни бірлестіктердің және шетелдіктердің" деген сөздер және

6) тармақшасындағы "қандай да бір дін ілімін уағыздау және (немесе) таратумен шүғылданатын діни бірлестіктер мен шетелдіктердің" деген сөздер "діни бірлестіктердің және миссионерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң, ол ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін:

1) 1-бабының 1-тармағының 3), 4), 5), 7) тармақшаларын және 5-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшаларын;

2) 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 11-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК